

Тайтөбе ауылының ЖОББ мектебі

Анықтама

Қазан айының 14-23 аралығында 5 сыныптар арасында бейімделуін Авторы: Н.Г.Лусканова «Мектеп мотивациясын тексеруге арналған» әдістемесі өткізілді. Оқушыларға 10 сұрақтан тұратын сауалнама тапсырылды.

Мақсаты: Оқушылардың мектепке бейімделуін балалардың ойша қабылдап, елестерінің тиянақты қалыптасуына көмектеседі

5 «А» сынып оқушыларының бейімделуі Оқушының таным мотиві мен оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының жоғарылығын көрсетеді. Оқушылардың мектепке бейімделуі оң; оқу материалдарын шігетүсінеді; бағдарламаның негізгілерін меңгереді; тапсырмаларды өз беттерімен орындайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; бірақ бақылауды талап етеді; сабаққа қызығушылықпен дайындалады; сыныптағы көп оқушылар достық қарым-қатынаста.

5 «Б» сынып оқушылардың бейімделуі орташа оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының орташа екендігін көрсетеді. Кейбір оқу материалдарынан түсініктері орташа. Сынып жетекшіге ұсыныстар жасалды. Сыныппен жұмыстар жүргізіледі.

5 «Ә» сынып оқушыларының бейімделуі жақсы оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының жақсы көрсетті. Сынып жетекшіге ұсыныстар жасалды. Әңгіме сұхбат болды.

5 «В» сыныбында жақсы оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының жақсы көрсетті. Сынып жетекшіге ұсыныстар жасалды. Әңгіме сұхбат болды.


Директор

Алиева Г.С.

Педагог- психолог


Арингазина Д.Д.

График № 1



■ Жоғары ■ Жақсы □ Жағымды көзқараста □ Төмен ■

График № 2



Мектеп мотивациясының 5 негізгі дәрежесі анықталды.

5-ші дәреже. 25-30 балл (оқу белсенділігінің ,мектеп мотивациясының жоғары деңгейі). Мұндай балалар жоғары танымдық мотивпен, мектеп талаптарын орындауға талпынатындығымен ерекшеленеді. Олар мұғалімнің талаптарын жақсы орындайды, жауапкершілігі мол, төмен баға немесе мұғалімнен ескерту алса қапаланады. Мектеп тақырыбындағы суреттерде көбінесе тақта алдындағы мұғалімді, сабақ барысын салады.

4-ші дәреже. 20-24 балл (жақсы мектеп мотивациясы). Мұндай көрсеткішті оқу әрекеті жақсы балалар көрсетеді. Мектеп тақырыбындағы суретте оқу, барысын салады.

3-ші дәреже. 15-19 балл — мектепке жағымды көзқараста. Бірақ мектеп көбінесе оқудан тыс жағымен қызықтырады. Мұндай балалар көбінесе мектепте өздерін жақсы сезінеді, мектепке достарымен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасау үшін барады. Оларға өздерін оқушы ретінде сезіну, жақсы киім кию, жақсы сөмке ұстау ұнайды. Мектеп мотивациясы аз деңгейде қалыптасқан, оқу үрдісі оларды қызықтырмайды. Мектеп тақырыбындағы суретте олар мектепті салады, бірақ оқу жағдайларын емес. Сабақта көбінесе бөтен іс—әрекетпен айналысады, ойнап отырады. Оқу әрекетінде қиындықтарға тап болады. Мектепте тұрақсыз бейімделу күйінде жүреді. Суреттерде ойын жағдаяттарын салады.

1-ші дәреже. 10 баллдан төмен — мектепке деген жағымсыз қатынас. дезадаптация.

Мұндай балалар мектепте зор қиындықтар көреді: Оқу әрекетін орындай алмайды, сыныптастарымен қатынаста қиналады. Мектеп жау қорғаны сияқты көрінеді, олар мектепке келгілері келмейді. Тапсырмаларды орындаудан, ереже мен талапқа бағынудан бас тартады.

Ұсыныс.

- Оқушылармен әңгімелесу, хәл –жағдайын, себебін білу, психологиялық жағынан көмек көрсету;
Сынып жетекші оқушыларға, ата –аналарға арнайы уақыт бөліп 5 сыныпқа оқушылардың бейімделу туралы шағын дәріс оқу керек.
 - ✓ Олармен жеке сөйлесіп, себебін анықтау.
 - ✓ Стреске арналған жаттығуларды, тренингтерді өткізу.
 - ✓ Ата –аналарымен бірлесіп, бейімделуі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізу.
 - ✓ Сонымен қатар балалардың тез бейімделіп кету керектігіне, себепші болу, оларға нұсқама беру. Мысалы оқушыларды уайымдатып жүрген нәрсеті ұмыттыруға тырысу, өзі жанымен қалайтың іспен айналастыру, бос уақытында спортпен шұғылданду, оның белсенділігін ояту. Ол үшін бір маңызды шараларға қатыстыру. Оның жағдайын қайтақарап, болмашы жағдай екендігін түсіндіру, сендіру. (жағдайға байланысты)